

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 994 Жарлығы

Елдегі қоғамдық келісімнің нығаюына, Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығының құрметіне қаулы етемін:

1. «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалі тағайындалсын.

2. М ы н а л а р :

1) «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалімен наградтау қағидалары ;

2) «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 3

қ а ң т а р д а ғ ы

№

9 9 4

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

«Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалімен наградтау ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Осы Қағидалар «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалімен (бұдан әрі – мерекелік медаль) наградтау тәртібін реттейді.

2. Мерекелік медальмен елдегі қоғамдық келісімнің нығаюына, Қазақстан халқы бірлігін қамтамасыз етуге, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлінің артуына, Қазақстанның бейбітшілік пен келісім тәжірибесін шет елдерде таратуға және Қазақстан мен өзге мемлекеттер халықтары арасындағы достық қатынастарды дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары наградталады .

3. Мерекелік медальмен наградтауға ұсынуларды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Астана және

Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар енгізеді.

4. Мерекелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және оның тапсырмасы бойынша мерекелік медальді, сонымен қатар:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;

2) Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, сондай-ақ Мемлекет басшысы уәкілеттік берген өзге де лауазымды адамдар тапсыра алады.

Наградталған адамға медальмен қоса белгіленген үлгідегі куәлік табыс етіледі.

5. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі және наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

6. Мерекелік медаль сол жақ омырауға тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған жағдайда олардан кейін орналастырылады.

7. Мерекелік медальдің табыс етілгендігі туралы наградтауға арналған тізімге тиісті ж а з б а ж а з ы л а д ы .

Табыс етілмеген медальдар мен олардың куәліктері, қайтарылу себептері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Ордендер қоймасына қайтарылады, бұл туралы тізімдерге тиісті белгі қойылады.

Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдардың тапсырылу барысы туралы есептелікті Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.